

Полиция қызметкерлері Наурыз мейрамын тойлады

Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналып Қостанай облыстық Ішкі істер департаментінде «Өнерліге өріс кең» атты кең көлемдегі іс-шара ұйымдастырылды.

Басты мақсат – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, қазақтың салт-дәстүрлерін насихаттау. Аталған іс-шара ішкі

Жергілікті полиция қызметі ұжымының «Тұсау кесу» рәсімі бойынша көрсеткен сахналық қойылымы шынайы көрініске ұласып, ІІД бастығының орынбасары полиция полковнигі Мереке Нағашыбайұлы Альшагиров кішкентай сәби Нұрханның тұсауын кесіп, қадамына ақ жол тіледі. Ал Техникалық қызмет басқармасы

мен Ақпараттық аналитикалық орталығының қызметкерлері Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдерінің достығын, татулығын көрсетіп, барлығы бір шаңырақ астында «Наурыз думан» әнін шырқады.

Аталған думанды мерекеде ұлттық спорт түрлері де қалыс қалған жоқ. Спортты серік етіп, талай жарыстарда ІІД намысын қорғап жүрген қызметкерлер шаршы кілемде белдесіп, қазақша күрес жанкүйерлерінің де көңілін бір көтеріп тастады.

Байқау соңында жүлделі 1-орынға Жергілікті полиция қызметі е болса, 2-орынды Тылдық жабдықтау басқармасы және Көші-қон полициясы басқармасы, ал 3-орынды Әкімшілік полиция және Қаржымен қамтамасыз ету басқармалары жеңіп алды. Сонымен қатар «Наурыз аруы», «Өнерлі жігіт», «Таңдаулы ұлттық тағам», «Көрермен кезайымы» номинациялары бойынша да жеңімпаз атанғандар марапатталды.

Арайлым ИСМАГУЛОВА,
Қостанай облысы ІІД
Мемлекеттік тіл және
ақпарат бөлімінің бас маманы

Мереке көңілді өтті



Наурыздың 22-і күні Әуликөл ауданының орталық алаңында Наурыз мерекесінің негізгі іс-шаралары өткізіліп, оған аудан әкімі Жансұлтан Тауқенов қатысты.

Орталық алаңға тігілген 8 киіз үй келгендердің көзіне бірден түседі, оларда халқымыздың салт-дәстүрлері жаңғыртылып көпшілік назарына ұсынылса, алаңның әр жерінде сан алуан спорт түрлері бойынша сайыстар өткізілді. Соның ішінде қазақтың арқан тартысы, тайжарыс, қол күрес, гір көтеру және бөйге ұйымдастырылды. Аудан басшысы аудан халқын Наурыз мерекесімен құттықтап, орталық алаңда тігілген киіз үйлерді аралады.

Мерекелік той-думанға арналған концерттік іс-шара барысында сахнада театрланған ойын-сауықтар мен көріністер қойылып, бишілер билеп, әншілер ән салды. Әуликөл ауданы Ішкі істер бөлімінің қызметкерлері де өнер көрсетуден тыс қалмай, жиылған халық алдында «қара жорға» биін биледі. Әуликөл ауданы Ішкі істер бөлімі тіккен киіз үйінде қонақтар қазақша ет пен палаудан, наурыз көжеден дәм

татты. Бір-бірін айқара құшақтаған, ақ тілектерін төгіп жатқан үлкенді-кішілі аудан тұрғындарының көңілдері қуанышқа толды. Ұлттық киім киген қыз-жігіттер аспанмен таласқан алтыбақанда тербелсе, ақ киімешекті әжелер мен ұлттық шапан киген қариялар мерекенің ажарын ашты.

Тәртіп сақшыларының киіз үйінде жаңа туылған сәбидің дене бітімі, қол-аяғы тұзу болсын деп «Бесікке салу» рәсімі өткізілді. Рәсімді жасау кезінде «бесікті аластау», «тыштырма» рәсімдері жасалып, бесіктің түбегінен жиналғандардың барлығы да алақандарын жайып, тәттілерді алды. Сәби мен оның ата-аналары бесік тойға жиналған ағайын, туыс, дос-жораларының баталары мен ақ тілектерін қабыл алды.

Киіз үйлер сайысында Әуликөл ауданы Ішкі істер бөлімінің киіз үйі «Ең таңдаулы киіз үйі» атанып, бөлім жеке құрамы жүлделі орынды иеленіп, жеңімпаз болды.

Әйгерім БАЙҚАСОВА,
Әуликөл ауданы ІІБ
Мемлекеттік тілді дамыту
және ақпарат тобының
жетекші маманы



істер органындағы басқармалар мен бөлімдер арасында байқау түрінде өткізіліп, оған барлығы 11 команда қатысты.

Байқау барысында полиция қызметкерлері Наурыз мерекесіне арналған өндер орындап, би билеп, күй тартып, сахналық қойылымдар көрсетті. Әсіресе, «Тұсау кесу», «Құда түсу», «Сырға салу», «Беташар», «Баланы қырқынан шығару» сынды қазақтың салт-дәстүрлері мен «Құда тартар», «Құйрық-бауыр», «Тойбастар» сияқты кәде-жоралғылары да көрермен назарына ұсынылды. Сахна төрінде қазақтың ұлттық киімдерін киген қыз-жігіттер өзара өзілдесіп, құдалар бір-бірімен жөн сұрасып, ақ сақалды аталар бата беріп, ал киімешек киген әжелер наурыз көжелерін ұсынып жиналғандарға нағыз мерекелік көңіл-күй сыйлады.



Көңіліміз бір көтеріліп қалды

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ұжымы да Наурызды бір адамдай көтеріңкі көңілмен қарсы алды.

Әр факультет, қызметтер және бөлімдер әр ұлттың салт-дәстүрлерін насихаттап, ең дәмді деген астарынан дастархан көрмесін ұйымдастырды.

Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов

құттықтау сөз сөйлеп, барша жеке және ауыспалы құрамды және мерекені көруге келген қонақтарды шын жүрегінен құттықтады.

- Құрметті әріптестер, қонақтар және курсант мырзалар, сіздерді бүгінгі айтулы мерекеміз Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Отбастарыңыз аман, қызметте табыстан табысқа жете беріңіздер, - деді Мирлан Ахмедияұлы.

Ақ жарма тілектен кейін өткен аптада ұйымдастырылған «Үздік аудармашы» сайысының жеңімпаздары Академия бастығының грамотасымен марапатталды. Одан кейін әр ұлттың өкілдері өз өнерлерін көрсетіп, халықтың көңілін бір көтеріп тастады.

Міне, Академия қабырғасында Наурыз мерекесі осылай өз деңгейінде аталып өтті.

Ләззат НҰРАЛИНА,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев ат.
академиясы Кадр бөлімінің
инспекторы
полиция майоры

Жақсы әсер алдық



ҚР ІІМ Оқу орталығындағы (Қостанай қ.) қызметкерлер көктемгі мереке – Наурызды дәстүрлі мейрам-тойға айналдырды.

Бөлім және бөлімшелерге дәстүрлер бөлініп берді. Құда түсу, тұсау кесу, беташар дәстүрлерінен үзінділер дайындалды. Мерекеге Ішкі істер органында қызмет еткен ардагерлер шақырылды.

Оқу орталығындағы қызметкерлердің отбасындағы кішкентай балалар да қонағымыз боды. Олар мерекенің сәнін келтіріп тұрды. Кішкентай балалардың бәрі қазақ ұлтының киімінде келді. Балалар да өздерін сахнада әртіс ретінде сезінді. Мерекеміз кәдімгі тойға айналғандай әсер берді. Қызметкерлердің үстіндегі ұлттық киімдерінің өдемілігі бір-бірінінен аса түседі.

Мерекеміз құттықтаудан, бата беруден, шашу шашудан басталды. Тағылымдамашылар да қызметкерлерге концерттік бағдарлама әзірлепті. Бірліктің, ынтымақтың мерекесі қазақтың дастарқанын жаюмен аяқталды. Келген қонақтарымыз да жақсы әсер алды.

Г. ДОСТОЯРОВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

2017 жылғы 15 наурыз күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы күндізгі оқу факультетінің курсант қыздары «Қостанай қалалық орталық кітапханалық жүйесі» ММ – «Южный» құрылым бөлінісі -№6 кітапханасымен ұйымдастырылған «Халқын сүйген, салтын сүйер» деген іс-шарасына қатысты.



Бұл іс-шара қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық, жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу мақсатында ұйымдастырылды.

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға көптеген керемет суреттемелер берген. Сондай-ақ, қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер-білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның оқ қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен.



Қазақ отбасының маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие. Ата-ананың міндеті – жас ұрпаққа аға ұрпақтың әдет-ғұрпын, адамшылық, адамгершілік, инабаттылық, сыйлау қасиеттерін сіңіру. Әсіресе, қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда қыз бала тәрбиесі ерекше орын алады. Қазақ халқы қыз баланы ардақтап ұстаған, оның көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген, оны мәпелеп өсірген және де қатал ұстап, оның тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қараған.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Анаңыз бала тәрбиесінде екеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Қыз бала анаға бір табан жақын ғой. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ келіншектерінің бойында ізеттілік, ар – ұят, ұялшақтық, үлкенге қызмет көрсету, үлкеннің алдын кесе-көлденең кесіп өтпеу, жаны ашу қасиеттер ібасымырақ сияқты. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші – ол анасы. Қыз баланы жастайынан үй сыпыруды, яғни үйді таза ұстауға, төсек жинауға,

ас пісіру, шай құю, кесте тігу, жанұяның үй жұмысын үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған.

Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы – құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қыз ақырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен қазіргі заманғы

қыздардың бойынан ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері де табылуға тиіс. Халық «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен.

Іс-шара барысында қонақтарға концерт ұйымдастырылып, қойылды. Педагогикалық колледжден және Академиядан келген қонақ-қыздарымен іс-шара иелері көңілді конкурс өткізді.

Іс-шара соңында қатысып отырған адамдарға үлкен әже батасын беріп, алғысын білдірді.

Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт – дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Венера КАСЕНОВА,
314-оқу тобының кураторы
полиция капитаны
Айжан ДОСМАЙЫЛОВА,
205-оқу тобының кураторы
полиция капитаны



Мағыналы меморандум

2017 жылдың 16 наурыз күні Қостанай мемлекеттік университетінің конференц-залында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті, ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы және Қостанай облысының жеті жергілікті жоғары оқу орнының ректорлары қатысқан қызметтік және серіктестік қарым-қатынас туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Қол қою рәсіміне профессорлық-оқытушылық құрамы, курсанттар және студенттер қатысты.

Бұл келісімнің басты мақсаты қоғамның өркендеуіне кері әсерін алып келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіп, оны біріккен түрде жұмылдыра жеңу болып табылады.

Жиналыста білім алу - бұл мемлекет немесе білім алушы ақысын төлейтін қызмет, сол үшін профессорлық-оқытушылық құрам және білім алушылар осы жағдайды түсінулері қажет және мемлекет тарапынан оқып жатқан білім алушы азаматтар сапалы білім алуға әрқашанда құқықтары бар деген пікірлер айтылды. Оқытушылар осы қызметі үшін қызметке алып жатқандарын естен шығармаулары қажет және білім алушыларға осындай келеңсіз оқиға орын алған жағдайларда үндемей қалмауларына шақырамыз делінді. Себебі, сыбайлас жемқорлықты біріккен түрде жоймасқа, мемлекетіміздің дамуына іріткі салатын құбылық екендігін айтты.

Келісімнің қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлықты ұятты іс-әрекет ретінде санаға қалыптастырып, қылмыс ретінде таныту қажет деп тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарды.

Департамент және жоғары оқу орындарының басшылығы меморандумды бірігіп өткізілетін нақты іс-шаралармен толықтыру туралы шешім қабылдады. Бұндай іс-шаралар қатарында түрлі акциялар, флешмобтар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жасау бойынша ұйымдар құру кіреді.

У. МАЛИКОВА,
3-курс курсанты

Кітапхана ақпараттық қормен толықты

Кітапхананың негізгі міндеті - кітапхана қорын қалыптастыру, себебі кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың маңызды бөлігі болып табылады.



Кітапхана қорын қалыптастыруға Академия ғылыми бөліністердің қызметкерлері мен профессорлық-оқытушылар құрамы тартылады. Бұл-оның сапасын және оқу үрдісіне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Өркениеттің техникалық дамуы, адам өмірі деңгейінің жаһандық өзгеруі

оқырмандардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттану үшін жаңа тәсілдермен талап етеді. Бүгін электронды тасымалдағыштардағы қорды жинақтау - өзекті болып табылады. Электронды оқу басылымдар - бұл заман

талабына сай оқу және қызмет етудің зор әлеуеті.

Жуырда Академияның кітапхана қоры электронды тасымалдағыштарда 70 (жетпіс) дана көлемінде Академия профессорлық – оқытушылар құрамымен басылып шығарған, сондай-ақ ҚР ІІМ Берімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының профессорлық-оқытушылар құрамының монографиялары, оқу және оқу-әдістемелік басылымдары бар 3 (үш) CD дискте көшірменің оқу басылымдармен толықтырылды.

Электронды тасымалдағыштарда оқу басылымдар кітапхана оқырмандарының уақытын үнемдейді. Академия курсанттары компьютерлік сыныптарда аз уақыт ішінде сабақтарына дайындалып, ғылыми жұмыстарын (реферат, ақпарат) орындай алады.

Кітапхананың жаңа оқу басылымдарымен қамтамасыз етілу мәселесін шешу – Академияның профессорлық-оқытушылар құрамымен басылып шығарылған электронды оқу құралдары болып табылады.

С. АМИРОВА,
Кітапхана меңгерушісі

Әскери жүгірістен жүйріктер жарысы өтті

Наурыз айында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 2-курс басшылығының ұйымдастыруымен курсанттар арасында «Әскери жүгірістен» 1000 метрлік қашықтықта жарыс ұйымдастырылды.

Бұған барша топ қатысып бақтары мен баптарын сынап көрді. Жарысты әуелі 203 - топ бастап берді, мұзы жөнді ерімеген бұл жарыс жолы

курсанттарымызға аса қиындық туғыза қоймады. Одан кейін командалар бірінен кейін бірі жүгірді. Қызу кешкен бұл жарыста жүйріктік танытып 210-топ мәреге бірінші келсе, 2-ші болып 203-топ жетті, ал 3-ші орынды 20-топ бағындырды.

Осылайша курсанттар әскери жүгірісті сәтті бағындырды. Ал жеңіске жеткен команда жарты күндік сейілдеме жүлдесімен марапатталды.

Тұрсынбай ДУМАНЖАН,
2-курс курсанты



Қан тапсырды

ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 16 наурыз күні академияның курсанттары қан тапсырды. Жалпы шамамен біздің 2-курстан 71 бала донор болды. Донор болған әрбір адам үшін пайдалы.



Бұл қанды, ауруға шалдыққан, қанға мұқтаж адамдарға құятынын білген курсанттар қуана қан беруге келісті. Әрине, бұл біз тапсырған қан өте көп те емес, себебі әлемде жыл сайын миллиардтаған адам мұқтаж болады. Донор болу оңай емес, донор үшін алдын ала қан талдауларын өткізу, дәрігерлік тексеруден өту керек.

Менің ойымша қан тапсырудан асқан қайырымдылық жоқ. Егер біздің еліміздің де әр тұрғыны қан тапсыруды өзіне азаматтық парыз деп санаса, сан мыңдаған науқас ауруынан айығып, сан мыңдаған адам өз туысынан айырылмас еді.

Донорлық әрбір азамат үшін салауатты өмір сүру салтының, мейрімділік, қайырымдылық танытудың белгісі.

Ең бастысы, донор өмір мен өлім арасында жатқан науқасқа екінші өмір сыйлап, рухани өз-өзіне риза болады.

Бексұлтан СОВЕТОВ,
2-курс курсанты

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Отбасы - қоғамның алтын діңгегі

Қостанай облысының кәметке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Отбасы - қоғамның алтын діңгегі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шараны судьялар елімізде отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасының құрылуына орайластыра ұйымдастырған.

Дөңгелек үстел жұмысына ювеналдық сот судьялары, тәжірибелі психологтар И.Зуев, Н.Косюк, Қостанай педагогикалық институты психология кафедрасының доценті Ш.Демесенова, Қостанай қалалық әкімдігі білім бөлімінің өкілдері және қала мектептерінің әлеуметтік мұғалімдері мен психологтары қатысты.

Өз баяндамасында судья Қ.Шармұхаметова ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейінгі отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасының негізгі тұстарына тоқталды. Судья барлық әлеуметтік институттар арасында адамзат капиталы сапасына әсер ететін ошақ - отбасы екенін айтты.

Бүгінгі күнде берік отбасының құрылуына және гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізуге жағдай жасау қоғамдағы әлеуметтік жаңғырудың ажырамас бөлігі. Бұл Қазақстан Республикасының әлемдік деңгейде сәтті интеграциялануы үшін тиісті шарттардың бірі. Бұл ажырасу және некесіз бала туу, баланы жалғыз тәрбиелеу, бала тәрбиесіне өкениң мардымсыз араласуы, ерте отбасын құрудағы мәселелер, кәметке толмағандардың жүкті болуы, отбасындағы зорлықтың және қатыгездіктің артуы.

«Надежда» психологиялық кеңес орталығының психологы И.Зуев қоғамдағы отбасы, келешек ұрпақты тәрбиелеп отырған ата-ана рөлі туралы айта келе, бүгінде баланың түйсігін қалыптастыру маңызды екеніне тоқталды. Себебі, біздің қоғамның балалары неге сенім арту керектігін білмейді және де Интернет пен теледидардың жағымсыз әсерінен сақталмаған. Сондықтан, отбасы институтын нығайта түсетін, бала тәрбиелеп отырған ата-аналар жауапкершілігін арттыратын кешенді жұмыс қажет.

«Созидание» психологиялық орталығының маманы Н.Косюк өз баяндамасында Қазақстандағы кризистік орталықтар кеңесінің жасөспірімдерге қатысты сот төрелігінің қызметін жақсартумен және қараусыз топтың құқықтық көмекке қолжетімділігін арттыруға бағытталған жаңа жоба құрылғандығы туралы мәлімдеді.

Дөңгелек үстел соңында оған қатысушылар талқыланған тақырыптың өзектілігіне тоқталып, отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға қатысты ұсыныстарын жасады.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Үздік аудармашылар

ҚР ИІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында қызметкерлер арасында екі күн бойына «Үздік аудармашы» байқауы өтіп, өз мәресіне жетті. Қатысушылар арасынан суырылып алға шыққан 6 қызметкер финалда өз бақтарын сынады.

Оларға «Сегіз қырлы, бір сырлы қызметкер» аталымы аясында мемлекеттік тілде өз өнерлерін көрсету ұсынылды.

Бірінші болып сахнаға көтерілген МҚП кафедрасының аға оқытушысы Е.Н. Пилецкая мен ӘҚ және ӘҚ кафедрасының



оқытушысы А.Н. Медведева қазақ халқының «Құлақ тесу» дәстүрін көрсетті. Қазақ тілінде сахналанған көрініс көрермендердің көңілінен шықты. Екінші болып жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының аға оқытушысы А.С. Еременко «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбын слайд арқылы аша білді. ІІО әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының аға оқытушысы А.А. Конвисарь караоке негізінде Н.Өнербаевтың «Анасы бар адамдар» әнін шырқауға барша көрерменді тартты. Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы А.Ю. Тимошенко «Махаббат жалыны» әнін нақышына келтіре әуелетсе, Қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминалогия кафедрасының оқытушысы М.В. Олексюк қазақтың ұлы ақыны Абай туралы танымдық ақпарат ұсынды.

Екі кезеңнің нәтижесін сарапқа салған әділқазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге А.А. Конвисарь; 1-орынға А.С. Еременко, А.Н. Медведева; 2-орынға М.В. Олексюк, А.С. Еременко, А.Ю. Тимошенко лайықты деп танылды.

Мемлекеттік тіл байқауында бағы жанған жеңімпаз қызметкерлер Академия бастығының құқығымен марапаттауға ұсынылды.

**Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ИІМ Ш. Қабылбаев ат. академиясы
Мемлекеттік тіл бөлімшесінің
бастығы**

Қайырымдылық – ізгі іс

Наурыз – мейірімділік пен ізгілік айы. Қостанай облысында жыл сайын Ұлыстың Ұлы күніне орай түрлі қайырымдылық акцияларын өткізу дәстүрге айналған.

Бұл бағытта мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың белсенділік танытып келе жатқаны баршаға мәлім. Биылғы Наурыз мерекесіне орайластырыла көптеген қайырымды да сауапты істердің атқарылғандығы да белгілі. Дегенмен, қайырымды шараларға бірқатар жеке кәсіпкерлердің де бет бұра бастағандығы қуантарлық жәйт. Мысалы, жеке кәсіпкер Бекен Тасбаев жуырда ғана облыс орталығының шығыс жақ кіреберісінен «Ұйғыр дәмханасын» ашқандығын айтуға болады.

Міне, осы ұлтжанды азамат



Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында облыстық балалар үйіндегі 100 шақты жасөспірімге шақтап дастарқан жайып, мерекелік ас берді. Игі шараға

шаралардың көбірек болуын олар да қолдайды.

Мерекелік шара барысында кішкентай қонақтар би билеп, қызықты ойын ойнап, көңіл көтерді. Балғындар жергілікті «Майкл Джексонның» өнеріне тәнті болып, сызыла созылған саксофон үніне елтіді. Көгершіндер биін тамашалап, өздері де бір сәт ертегі әлеміне енгендей күй кешті. Шығыс асханасының тіл үйретін таңдаулы тағамдарынан тамсана дәм татып, шырын сусындардан шөл қандырды. Қайырымды дәмхананың қайырымды аспаздарына балалар да періште пейілмен ақ тілегін арнады.

Шараны ұйымдастырушылар балғындарды мереке сайын қонаққа шақырып тұруға уәде етті. Облыстық балалар үйінің директоры Сергей Архипкин дәмхана басшысына риясыз рахметін айтып, алғыс хат табыс етті.

Сот жүйесінде жаңа технологияларды қолдану тиімділігі

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» бағдарламасын орындау мақсатында дамыған 30 мемлекеттік қатарына кіру үшін әлемдік стандарттарға сай болуымыз керек. Соның бірі электронды басқару жүйесіне көшу.

ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының тапсырмасымен сот жүйесінде де бірнеше электронды сервистер енгізіліп, құжат айналымдары электронды түрде жүргізілуде. Соның қатарында – «Сот кабинеті», «Сот құжаттарымен танысу» сервистері.

Сотқа келіп түскен талап арыздар, интернет арқылы түскен электронды талап арыздар және басқа да құжаттар электрондық көршікелерге тіркеледі. Тіркелген арыздарға тіркеу талоны беріледі. Процеске қатысушы азаматтың ұялы телефон

нөміріне немесе электрондық пошта мекенжайына электронды хабарламалар (SMS-хабарлама) мен шақыртулар жолданады. Ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық пошта мекенжайына жіберілген хабарламаларда істің нөмірі, логині және парольді көрсетіледі. Логин мен парольді пайдалана отырып сот процесіне қатысушы тараптар іс бойынша www.sud.kz сайтынан «Сот құжаттарымен танысу» модулінде іске қатысты барлық мәліметтермен таныса алады.

Ал «Сот кабинеті» сервисімен Сіз ғаламтор арқылы сотқа электрондық түрде талап арыз, сот актілерін беру туралы, сот мәжілісі хаттамасымен таныстыру туралы арыз, электрондық үндеулер бере аласыз. Ол келіп түскен арызды қараудың уақытын қысқартады.

Бұдан басқа, сот кабинеті арқылы Сіз үйден шықпай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеуге, істердің қарау тізімін, сотқа шақыру туралы хабарламаларды алуға, сот істерін іздеуге, сот отырысының хаттамасына ескертпелер жіберуге мүмкіндік бар. Осы электрондық сервисті қолдана отырып, сот отырысының қатысушылары онлайн режимінде азаматтық сот істерін, олардың реквизиттері бойынша іздей алады, олармен таныса алады, әртүрлі іс жүргізу мәселелері бойынша шығарылған құжаттарды көру және баспаға шығарып алуға мүмкіндік бар.

Алайда, электрондық іс жүргізуге қатысу үшін электронды цифрлық қолтаңба болу қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығынан немесе Жоғарғы Соттың сайтында тапсырыс беретін сілтеме арқылы алуға болады.

Еліміздің сот жүйесінде жаңадан енгізілген жаңа технологияларды сауатты қолдана білу адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу, істерді қарау барысында дыбыс-бейне жазу жүйесін сот отырыстарында қолданудың тиімділігін атап өтуге болады.

Бүгінгі күні соттағы барлық сот отырысының залдары дыбыс-бейне жазба жүйесімен жадбықталған. Бұл барлық істерді дыбыс-бейне жазбасын қолдануға мүмкіндік беріп, азаматтардың сот әділдігі мен ашықтығына барлық күмәндарды жоққа шығарып отыр.

Сонымен қатар, іске қатысушы тұлғаларды тәртіпке салып, сот отырысы хатшыларының жұмысын едәуір жеңілдетті.

Сот жүйесінде жоғарыда аталған электрондық қызметтер тәріздес қазіргі

заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатады, бюрократиялық кедергілерді жоюды. Ал бұл азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге септігін тигізеді, сот жүйесінің тұрғындар үшін барынша айқын және қолжетімді болуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне жаңа технологияларды енгізу, халықтың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз етіп, құқықтық қоғамның мүшелеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына сот қызметі туралы жедел және ашық түрде ақпарат алуға мүмкіндік беретінін атап өту қажет.

**Н. НҰРҒАЛИЕВА,
Қостанай облысының
қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
кеңсе меңгерушісі**

Ұлыстың Ұлы күніне тарту

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында төл мерекеміз Ұлыстың ұлы күні – «Наурыз» мейрамы аталып өтті.

Бұл мерекеге бүкіл академия құрамы түгел қатысып, сырттан келген қонақтар да ат салысты. Академия қызметкерлері, әр кафедра оқытушылары өздерінің мерекелік дастархандарын залды айналдыра жайып, академия басшылық құрамына және қонақтар мен курсанттарға мейрамға орай тарту етті.

Әр ұлт өз өнерлерін көрсетіп, көпшілікті ұлы мерекемен құттықтап, ән айтып, би билесті. Бұл мереке академиямыздың көп ұлтты оқу орны екенін тағы да көрсете білді. Қырғыз, Тәжік, Татар, Украин, Орыс,

Азербайжан, Корей, Өзбек ұлт өкілдері өз базарлықтарын баршамызға тарту етті.

Солардың ішінде Өзбек ұлты атынан 2-курс курсанттары және Мемлекеттік құқық пәндері кафедрасының оқытушылар құрамы мерекеге ат салысып, керемет дастарханы және өнерлерімен баршаны тамсандырып, көңілдеріне мерекелік қуаныш сыйлады.

Осылайша көп ұлттың басын қосқан, мерекені тату-тәтті ататқызған, қызыққа толы болған бұл мерекеге жайып дастархандармен және керемет көрсетілімдермен баршаның есінде қалды.

**Тұрсынбай ДУМАНЖАН,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев ат.
академиясының
2-курс курсанты**



Есірткі затын тұтынған

Мемлекет басшысының қоғамда құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Қостанай ст. ІІЖБ қызметкерлері кең ауқымды жұмыс жүргізуде.

Өйткені, темір жол көлігі жұмыскерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық жасауы орын алуда. Мәселен, 2017 жылғы 16 ақпанда сағат 23.55 шамасында Тобыл станциясындағы ЖПБ қызметкерлері жұмыс орнында «ЖТ Қостанай бөлімшесі» «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалы жолаушылар поездарының қозғалыс жылдамдығын реттеушілері 1963 ж.т. «Г» есімді азаматтың және 1970 ж.т. «К» есімді азаматтың есірткіге масаңдық күйінің белгілерінсіз есірткі затын (марихуананы) тұтыну фактісін анықтады.

Аталған факті бойынша «ЖТ Қостанай бөлімшесі» «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалына қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінен ұсыным жолданды, аталған факті бойынша жоғарыда аталған тұлғалармен еңбек келісімшарттары бұзылды.

Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ

Қылмыстық процесстің міндеттері мен принциптері

Мемлекетіміздің әр азаматы заң мен сот алдында тең екендігі, құқығы бар және өзінің бостандықтарын, қажетті қорғанысты заңға қайшы көлмейтін барлық тәсілдермен қорғауын қамтамасыз ету құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген.

Қылмыстық процесстің ең басты принциптердің бірі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға және қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды негіздейді.

Қылмыстық процесстің ең бастысы, ол заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау, сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы, судьялардың тәуелсіздігі, жеке басқа қолсұғылмаушылық, кінәсіздік презумпциясы, істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу, жариялылық.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процесстің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады.

Республикада әрбір азамат өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы.

Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот төрелігін сот қана жүзеге асырады, соттың үкімінсіз және заңға сәйкес емес түрде ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тануға, және де қылмыстық жазаға тартуға болмайды. Соттың қылмыстық іс бойынша үкімі мен басқа да шешімдерін тиісті соттар ғана заңда көзделген тәртіппен тексере алады және қайта қарай алады.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі

Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңда белгіленген, сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді, заң бойынша жауаптылыққа тартылады.

Сот істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті, сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптаушы және қорғаушы тараптарға олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай жасауы міндетті.

Қылмыстық істерді қарау барысында соттарда және сот сатыларында ашық талқылауы жүргізілуі тиіс. Сот талқылауының жариялылығын шектеу мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында, көмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәның, іске қатысатын басқа да адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап етілетін жағдайларда жабық сот талқылауына жол беріледі. Жабық отырыста істерді талқылау заңда белгіленген барлық қағидалар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Соттар, прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.

Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады.

**Ж. ТЛЕУБАЕВА,
Қостанай обласының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы**

СОТ ЗАЛЫНАН

Дау тараптардың бітімге келуімен шешімін тапты

Қостанай сотында мөлшері 3,5 млн. теңгеден асатын жұмыс құны мен айыпақыны өндіру туралы дау тараптардың бітімге келуімен шешімін тапты.

Қала тұрғыны Б. Қостанай қалалық сотына Н-ға қатысты шағыммен жүгінді. Шағымданушы 2014 жылдың қазан айында жауапкермен кешенді жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісім-шарт жасаған. Шарт талаптары бойынша жауапкер су ағары бар шатыр, пластикалық терезе салу, жылу, су және кәріз жүйесін жөндеп, қабырғаларды тегістеу сынды жұмыстарды жүргізу міндетін алған. Құны 3 млн. 700 мың теңгені құраған жөндеу жұмысының ақысын талапкердің төлегендігі қолтаңбамен бекітілген. Алайда, жауапкер жұмыстың жартысын ғана орындап тоқталғандықтан, талапкер одан 3,5 млн. теңгеден асатын жұмыс құны мен айыпақыны өндіруді сұраған.

Сот отырысы барысында тараптар медиативтік келісімге келгендіктен, дауды бітімгершілікпен аяқтауды сұраған өтініш түсті. Медиативтік келісімге сай, жауапкер ағымдағы жылдың 17 шілдесіне дейін 2014 жылдың қазанындағы келісім-шартқа сай барлық жөндеу жұмыстарын істеуге міндеттелді. Ол қолданылатын материалдарды талапкер келісімімен пайдаланып, барлық жұмысты өз есебінен

жүзеге асыратындығын уәде етті. Сонымен қатар, тараптар келісім-шартта көрсетілген әр жұмыс түрі бойынша аралық акт жасап отыратын болады. Жөндеу жұмысын іске асырушы қолданылған материалдар мен жұмыс сапасына 2 жылдық кепілдік береді.

Аталған іс өндірістен қысқартылды.

Сатушыға айыппұл салынды

Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік соты ҚР ӘҚБтК 200-бабы 1-бөлігі бойынша 41-жастағы азаматша 3-ға қатысты әкімшілік істі қарады.

Қаладағы «Наурыз» дүкенінде сатушы болып жұмыс істейтін азаматша ағымдағы жылдың 14 ақпанында сағат 17.00 шамасында көмелеттік жасқа толмаған К-ға бір шөлмек сыра сатып, Қазақстан Республикасы заңнамасының 21 жасқа дейінгі азаматтарға алкоголь өнімін өткізу жөніндегі талаптарын бұзған.

Сот отырысы барысында азаматша кінәсін толығымен мойындап, қатаң жазаламауды сұраған.

Сот қаулысымен азаматша 3. әкімшілік құқық бұзушылықта айыпты деп танылып, оған 10 АЕК, яғни 22690 теңге айыппұл салынды.

**Қостанай облыстық сотының
баспасөз қызметі**

Балық аулауға тыйым салынды

Қостанай облысының оңтүстігіндегі Арқалық қаласы және Амангелді, Жангелдин аудандарындағы өзен-көлдерде 20-наурыздан бастап 20-сәуірге дейін балық аулауға тыйым салынған.

Бұл туралы «Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі» мекемесі балық шаруашылығы бөлімінің мамандары мәлімдеді. Мамандар балықшыларға тиісті ережені сақтауды ескертеді. Рұқсат етілген мерзімде және белгілі мекендерде де ғана қармақ салуға кеңес береді.

Мамандардың айтуынша, дәл қазір балықтардың уылдырық шашып, судағы басқа да тіршілік иелерінің көбейетін шағы. Арқалық қаласы және Амангелді, Жангелдин аудандарында шортандарды 20-сәуірге дейін аулауға болмайды. Ал, сазан, аққайран, оңғақ, көксерке сияқты балық түрлеріне сәуірдің 20-нан мамырдың 30-на дейін тиіспеген жөн.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru